

КҮРМАНБАЙ
ТОЛЫБАЕВ

ӘСЕТ



Құрманбай ТОЛЫБАЕВ

ӘСЕТ

Роман



Алматы
“Жазушы”
2013

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7–44
Т 56

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару”
бағдарламасы бойынша шығарылды

Толыбаев Қ.

Т 56 **Әсет:** *Роман.* – Алматы: “Жазушы”, 2013.– 400 б. – “Көркем әдебиет. Проза” сериясы.

ISBN 978-601-200-419-9

Жазушының “Әсет” романы халқымыздың аса дарынды перзенттерінің бірі Әсет Найманбаевтың өмір жолындағы тағылымды тұстарды жан-жақты аша суреттеуімен де құнды. Ұлы әншінің қат-қабат оқиғаларға толы қиын да қызықты өмірі, әншілік, сазгерлік өнерінің қыр-сыры оқырманын бейжай қалдырмайды. Сонымен бірге бұл XX ғасыр басындағы қазақ ауылдарындағы тіршілік тынысын да жап-жақсы көрсеткен туынды.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7–44

ISBN 978-601-200-419-9

© Толыбаев Қ., 2013
© “Жазушы” баспасы, 2013

ЖАЛҒЫЗ АҒАШ

Іркес-тіркес шұбалған ұлы таулардың біріне-бірі тұтасқан тізбегі түйе жон Майлы мен жайылма Жайыр жоталарынан тоғысады да, арғы шеті Тарбағатай асқарынан асып, ақ жал Алтайдың шеткі тармағы Сауырмен жалғасады. Жалпақ даланы кемерлей созылған Жайырдың шүйгінді қойнауындағы қалың қатпарлы сайсаланы мекендеген елдің ішіне Әсет жер бетінің тоңы сарқыла еріп бітіп, шөбі жетіле бастағанда, көктемнің ортасына таман жетті.

Мұндағы елге атағы мен аты ғана қанық емес, талайға жүз таныс. Бұрын да екі-үш дүркін шарлаған. Сырлас-білістері де бірсыпыра. Әні мен өлеңі де көп тараған. Қай үйіне түссе де, төбесіне көтеріп, төріне шығарары анық.

Соны біле тұра Әсеттің әдейілеп іздеп келіп, ат басын алғаш тіреген үйі – ескі досы, Маңдайшаның түкпірінде отырған Тұрысбектің отауы болды. Ол албырттау жас кезінде өз шамасынша әнмен, өлеңмен әуестенген, арғы-бергі елдің дүбірлі той-думанын жібермей, араласып өскен сауыққой жігіт еді. Мүшел жас кішілігі бар. Осыдан бес-алты жыл бұрын Бақтының күнгеі бетінен теріскейіне асып, Әсетке біраз ілескен. Өлеңін жаттап, әнін үйренген. Тарбағатай мен Тоқта тауларының қойын-қойнауындағы елді аралаған. Сонда әннің небір саңлақтарын, өлеңнің жанды балқытар оттыларын көкейіне тоқып қайтқан-ды. Ақжарқын, ашық мінезі баураған соң, Әсет те бұған ықыласпен бауыр басып кеткен. Әдейілеп келуінде өзімсінген сенімі, сағынышы бар-тын. Бет көрісуді аңсау – адам санасының жетекші сезімі сияқты.

Сол ниет оны осылай бастап, анталата жетелеген.

Ықтасын қойнауға тігілген киіз үйдің қарсы алдына орнатылған мама ағаштың түбіне тоқтаған Әсетті көргенде шалақ қара шапанды, жуан мойын толықша жігіт орнынан елпелектей түрегелді. Қалбақатай адымдап барып, атын ұстады.

– Салау-мәлікем, Әсаға!.. – деп, қолтығынан сүйемелдеп түсірді қазақы салтпен. Атын мама ағашта тұрған ұзын жал, қақпан бел құланың қасына байлады. Мәз боп, ауыз жаппайды. – Түу, сағынып жүр едім, тәңірдің мына жақсылығын қараңызшы!..

– Амансың ба, Тұрысжан? – деп, Әсет те еркелете құшақтап, төс қағыстырып көрісті. Шоқша қара сақалды, қою мұртын тегістеп басып, білеулей қойған шойындай шомбал қараның тұла бойын барлай шолды. Байқауынша, денесі толысып, шарлана бастаған түрі бар. Салмақтылығы, ұстамдылығы артыпты. Балпаңдай басады. Даусы ашық, сөзі тиянақты. Күлкі ұялаған қоңыр көзінің оты мол. Қысқы аяздың табы әлі тарай қоймағандықтан ба, қызыл шырайы май сіңген терідей қызыл күрең тартқан. Етегі жалпақ қара елтірі тұмағының астындағы дөңгелек жүзі албырай бөртип, аксия күледі. Жүрегі алып-ұшып тұрса да, елбіректемей, қуанышпен ғана жайраңдайды. Байсалды кейіппен ойлана қарайды. Күні кеше ғана өрттей қаулап, шалқып жүретін жігіттің құлқы өзгерген. Өткен уақыт табын тастамай кете ме? Адамның жасы ұлғайған сайын сабыр-салмағы да артады екен-ау деп өкіне топшылады Әсет мұңданып. Ақыл тоқтатудың нышаны осы шығар...

Босағаға жеткенше Тұрысбек ел-жұрттың жосығымен Әсет ауылының жай-жапсарын сұраумен болды:

– Бала-шаға, ауыл-аймақ аман ба, Әсаға?..

– Шүкір, Тұрысжан, шүкір... Бәрі де өзің көргендей!

– Үйге кіріңіз!..

Тұрысбек ілгері бастады. Іргесі айналдыра қазылып, морланған көнетоз қоңыр үйдің есігінен сұңғақтау, сұлуша тобылғы торы жастау әйел шықты. Аппақ кимешегінің жағы төрт елідей шым кесте. Шолақ жең қара мақпал камзолының өңірі сары жез оралған оқамен көмкерілген. Бүрмелі етегі шұбалған ұзын қызыл ала көйлегі жер сызады.

– Есенсіз бе, Әсаға? – деп ізетпен иіле еңкейді. Оң қолымен оң тізесін басып, сәлем жасады да, есікті ашты. Мұның да жөні бар-тын. Осыдан он төрт-он бес жыл бұрын Әсет сонау Барлықтың теріскей бетіндегі күзеуде осы келіншектің бетін ашқан. Содан былай осы отаумен жиі араласып кеткен. Сондықтан сыйлы. Оған қоса жасының үлкендігі үшін де ерекше құрметтейді.

Қарға тамырлы қазақ емес пе, Тұрысбектің әкесі Бейісбай бір жолы Майлы жотасының күн шығыс бетіндегі елді қыдырып жүріп, көне көз танысының үйінен сымбатты, ізетті, мінезі жібектей сызылған қыздың әдепті қылығына сүйсінеді. Адамдығынан үміт күтіп, қыздың әкесіне қолқа салады да, сөз байласады. Үкі тағып қайтады. Ал келесі жылғы жазда келісілген малын айдап, баласын ерте барады да, тойын жасатып, бір жола ұзатып алып қайтады. Өз ауылына оралғаннан кейін алыс-жақын елді шақырып, Еміл бойында үлкен той жасайды. Өйткені, өзі жалқы өскендіктен, баласының

бағын базарлап, қуанышының қызығына бөленуді мұрат тұтады. Қос ат шаптырып, Алакөлдің арғы жағындағы Көктұма-Ақшиден Әсетті арнайы шақыртады. Ақын келгенде қошаметпен қарсы алып, мақсатын айтады. Ізгі ниетпен қолқалап отырып келінінің бетін ашқызған. Содан бері Әсет бұл ауылдың ет-жақын адамына айналған. Ақ ниет қабыл болғандай келесі жылы Бейісбай немере сүйген.

Арада біраз жыл өткен соң Бейісбай келінінің көңілін аулады ма, әлде құдасының шақырған тіліне ерді ме, осы өңірдегі жек-жатының арасын бір жаз жайлап қайтпақ боп көшіп келіп еді, жері ұнады ма болмаса құдасының қалауынан аса алмады ма, тұрып қалған. Содан бері Әсеттің бұл өңірге ат ізін салғаны да, таныс адамдарын көргені де осы. Зор ілтипатпен иілген келіншекке:

– Амансың ба, Зияшжан? Ізетіңе рақмет, көп жаса! – деп ағалық ықыласын білдіріп, іркілмей табалдырықтан аттады. Үйдегі үш-төрт баланың ересектері жамырай сәлем беріп, жапырлай сыртқа ығысты. Балаларға алғыс айтты да, төрге барып жайғасты.

Зияш сопақша ақ самауырынды есік алдына шығарып, су құйды, түтігіне жерошақта жанып тұрған оттың қып-қызыл шоғын қысқашпен шымшып алып, бір-бірлеп салып жатыр. Шешесінің қимылынан асыққан сыңайын байқаған ересектеу қара бала отын бұтарлады, басқалары самауырынның түбіне тасыды. Зияш шай қамына кіріскен. Сәлден кейін Тұрысбек киіз қалпағын киіп, түрегелді де, кереге басынан жоғарылау уықтың қарына қыстырылған қамшысын қолына алып:

– Әсаға, сіз аз ғана демала тұрыңыз! – деп сыртқа беттеді. Іле дүңкілдетіп желе жөнелген ат тұяғының дүбірі естілді. Аздан кейін иығына аппақ сүлгі асқан Зияш сары жез легенді ала кіріп, Әсеттің қолына су құйды. Дастарқан жайып, тостаған-тостағанға салынған ақ май, бал қаймақ қойды. Табақтай дөңгелек таба нанды турады. Сақырлай қайнап, буы будақтаған ақ самауырын үйдің дәл ортасындағы оттың басына қонжиды. Зияш ақ шәйнекке бықтырылған қызыл-күрең шайға қою кілегей қатып, кәрлен кесені қадірлі мейманға қос қолдап ұсынды. Кесенің ренуіне жұққан қою шай бал татиды. Шөлдеп келген Әсеттің маңдайынан шыпшып тер шықты. Шай ішіліп бола бергенде Тұрысбек кірді. Семіз ақ сары бас тұсақты есік алдына көлденең тартып, бата сұрады. Қолын жайған Әсет қысқа қайырды:

– Көсегең көгерсін, көрмегенің көп, көргенің аз болсын! Алдыңнан айың тусың, төбеңде күнің күлсін! Бала-шағаңның қызығын көріп, мұратыңа жет! Аллауәкбар! – деп бетін сипады.

Қойды жетелеп сыртқа шыққан Тұрысбек он екі-он үш жас шамасындағы тығыншықтай қара балаға шұғыл тапсырма берді. Ол соны күтіп тұрғандай қақпан бел құлаға міне салып, тасырлата шауып үйдің артындағы белден асып кетті. Тұрысбек кең жазықтың желкесіндегі Абдыраның тауға иек артқан кербез белінің етегін көктеп, төлін ширатып алу үшін жалғыз үй оңаша отырған. Бесін ауа кәрі-жасы аралас бір топ адам сау ете түсті. Үй ішіне сығылыса жайғасты. Ішінде ескі танысы Бейісбай да бар. Төс қағысып көрісті. Оның қонысы келесі сайдың табанында екен. Шүйіркелесе үйірілісті. Ел мен жер жайлы сұрасып, көңілдерін сусындатысты. Мамыржай отырып, ас ішіліп болғаннан кейін:

– Әсетжан, елдің әуенін, сенің даусыңды сағынып қалдық, – деді Бейісбай емірене өтініп. Үнінде ынтықтық сарын бар. Әлденендей әлсіздікті сезген Әсет байқатпай шолып өтті. Сақал-мұрты аппақ қудай. Бір кездегі торсып тұратын топ-толық бетін айқыш-ұйқыш әжім торлаған. Таудай бойының еті қатып, сүйегі сорайған. Жотасы күжірейіп, еңсесі түскен. Ішін мұң торлады. Ой, дүние-ай, өткен уақыт адам баласын қалай мұжиды десеңші. Ескен желдей сырғи сусып, өмірді көшкен құмдай ұйпалайды екен-ау. Жүзінен қаны тамып тұратын қайратты кісінің халін-ай... Бір түрлі жадау. Ең тәуірі – көңлі жарқын... Бейісбайдың қалауын қайталаған үні ойын бөлді. – Қане, алысқа сілтемесең де, әзірше жаяу жарысына разымыз, бірдеңе дей отыр.

Бұл күні Әсет түн ортасына дейін желдірме әуенмен төгілме өлең айтып, көптің көңілін аулады. Аспандата шырқаған жоқ. Сырын білетіндер мұнысын жол соқтылыққа жорыды. Сонда да ансаған әуендеріне сусындаған жұрт жадырап тарасты.

Ертеңінде-ақ тұс-тұстан аңдаған атты кісілер екіден-үштен Тұрысбектің үйіне ағылып келіп жатты. Сәлемдесушілердің арасында осы өңірдің білікті кісілері де бар. Үйге лықа толып, сыртта сығылысып тұрғанымен, ән шырқалмады. Әзірше әнге бара алмайтынының себебін Әсет осы ауылдың аузына қарайтын қариясы, өзі де ылғи ән мен өлеңге шөлдеп жүретін ескі танысы Жәменкеге айтты:

– О, жұртым, көңілді мұң торласа, ән өрістей ме? Менің де жүрегім жаралы. Кешегі көз көргенім бүгін жоқ. Демежан халықтың арыстай ұлы еді. Дастарқанынан талай дәм-тұзын татып, сый-сияпатын көріп ем. Менің болжауымша, оның ауылы осы маңнан онша қашық болмауы керек. Ошағының басына барып бата жасамай, іргесінде айқайлап жатқаным елден ұят болар. Адамдық

арыма сая қоймас. Өзі өткенімен, орны бар емес пе? Алдымен сол ауылға барып, ағайын-аймағымен бет көрісейін... Сонан кейін барып әнге оралайық. Сонымыз елдің салтына лайық шығар. Солай емес пе, Жәке!..

– Бұл қылығың – жөн білген адамның ісі, Әсетжан! – деді Жәмеңке сүйсіне қуаттап. – Демежан бір елдің ғана емес, осы аймақтағы барлық қазақтың жоқтауына татитын жігіт еді ғой. Маңдайымызға сыймады, қайтейік... Ойынды ұқтым, Әсетжан, адамдығың жар болсын! Демежан ауылына ертіп алып барайық!..

Бұл тоқтамды естіген жұрт таңдайларын тақылдата тамсанып, тарай бастады. Аңсағандары болмаған соң мойындары былқ-сылқ етеді. Әлпеттеріндегі көңілсіздік Әсетті де толғантты. Көптің көңілінен қайғының тұманы да ыдырап, сейілген түрі бар. Көзден кетсе, көңілден өшеді деген осы ма? Қарасы көрінбегеннен кейін суынғаны ма, әлде іштен тынғаны ма? «Өлген арыстаннан тірі тышқан артық» деген осы да! Кім біледі, тілегі қабыл болғандай, Демежан өліміне шоқ-шоқ дейтіндер де бар шығар. Жалған атақ үшін бірімен-бірі қасасуға әуес қазақтың шен құмарлары арасынан ондайлар да табылады. Алты бақан ала ауыздығы қалған ба? Қайран ел-ай, ауыз бірлігің жарасатын күнің туар ма екен?..

– Әсетжан, жүр, сыртқа шығып, бой жазайық, – деді Жәмеңке орнынан қозғалып. Әсет селт етіп басын көтерді де, төңірегіне жаутаңдай көз салды. Үйде жасы үлкен және өзіне көптен таныс бес алты адам ғана қалыпты. Сыртта біраз жүріп, қайта оралысты. Оңаша үйде еміл-жай әңгімеге кірісті..

Келесі күні сәске әлетінде Жәмеңке бастаған бір қауым салт атты кісі Әсетті ортаға алып, Абдыраның етегінен аттанды. Жайпақ адырлы Маңдайшаны сағалай жүріп, ылдидағы Қараүңгір аңғарына құлады да, Боздақ даласына қарай бет түзеді. Жалпақ жазық жасыл нуға бөленіп, көлдей көлбеп жатыр.

Еміс-еміс үзіп-жарды естігені болмаса, Демежан өлімінің себеп-салдарына Әсет әлі қанық емес еді. Мына жол үстінде соны ұға жүруге ыңғай іздеді. Топтың алдына Жәмеңке екеуі оңашаланып озыңқыраған. Қарияны сөзге тартты.

– Жәке, мен адам танысам, Демежан халқы үшін өзегі өртенетін жігіт еді. Соншама ауыр жазаға тартылатындай қандай айып тағылды оған?..

– Ой, Әсетжан-ай, пәле-жала табаныңның астында емес пе, пәлен дерің бар ма? Ықылым заманнан бері елдің аузына ілінген, төбесіне көтерген кісісінің досынан дұшпаны көп болмаушы ма

еді? – деп мұндана күрсініп жіберді де, Жәменке қарт сол тұстағы оқиға жайлы сыр толғады... Сол кездегі қазаққа салынған салық халықты қатты сансыратты. Оның үстіне құнарлы, шұрайлы жерді жаңадан көшіп келген манжудың байлары баса-көктеп иемдене бастады. Қазаққа тізгін қақтырмады, қомсынып, қорлады. Демежан әкімдерден сол алалықты жүйелеуді талап етті. «Үйренген жау – атыспаққа жақсы» дегендей, бала жасынан қолында өсіп, ержете келе алдында қызмет еткен Ши-амбы бұл араның әкімдігінен ауысты да, орнына Іле жақтан Мәтен амбы деген келді. Ол бір қанды балақ екен, қазақтың басына әңгір таяқ ойнатты. Бұрын қанша қиқарланса да Ши-амбының қыбын тауып, сабасына түсірудің ебін білетін Демежанның бұған тілі өтпеді. Бақталастары жаңа әкімге мықтап жамандап тастаған сыңайы бар, тіпті жер туралы ел ішіндегі наразылықты да Мәтен амбы сол баладан көріпті. Тегінде, Ши-амбымен бақталас, бақас болуы керек.

– Байы қырын қараса, бәйбіше байтал мінедінің кері кесір боп жабысқан екен ғой.

– Не десең де, мен өзіміздің ішіміздегі аш өзек, қызыл көздеріміз қолшоқпар болды ма деп ойлаймын...

– Күмән қылатын кісіңіз бар ма?

– Болғанмен, тақымын бұрауға қауқарым жоқ... Жалғыз мен емес, барлық елге аян.

Жәменке одан әрі түкпірлеп ештеңені аша алмады. Бүкіл Қытайды қуырып, үш жүз жылға жуық билеп-төстеген Манжу империясының шет өлкедегі әкімдерінің тежеусіз кеткеніне ойы жетпеді. Бар білетіні – ара-тұра Іле жақтан келгендерің суырша шақылдап, ауыл-ауылдың апшысын қуыратыны ғана. Ал Демежанның дарға асылуының себебін әркім әр саққа жүгіртеді.

Алайда, бұл құрбандық сырының аса құпия қастандық екенін жүргіншілердің қатары бір қысаңға келгенде созалаңдап, аралары ажырай қалған мезетте Әсетті топтан бөліп, жеке шығарып әкеткен, Үрімжіде оқитын, осы ауылға нағашылай келіп жүрген сөзі байыпты, мінезі салмақты Жүмәділ деген жігіт баяндап берді.

...Демежан қазасының салдары тереңде екен. Соны тұп-тамырын ақтара баяндаған Жүмәділдің туған өлкесінің басынан кешкеніне қанықтығы, білгірлігі көп оқиғаның бетін ашты. Әсетті талай сырға қандырды. Зорлықтың қалқасында қулық та жүреді екен... Өлкенің жаңа басқарушысының қолданған айла-тәсілінің терең қатпарына қырдағы ауыл адамдарының ешқайсысы үңіле алмапты. Саналы жігіт салалап ұқтырды. Одан әрі Әсет те қазбалап жатпады. Демежан өлімінің себеп-салдарын түсінді.

– Ой, сұмдық-ай!.. – деді Әсет қамыға күрсініп. Кеудесіне қайғы ұялады. Қысаңнан өтіп, төбеге шыққан кезде аты жүрдек бір-екі кісі тақап та қалған. Қабағы қалындау, дөңгелек жүзді, қызыл шырайлы кісі Әсеттің өксігін құлағы шалып, өзінше жорыды.

– Бұл дүние кімге серік болушы еді? – деп, қазақы тұжырыммен тұнжырады. Қатарласа берген Жәменке бұлардың көңілдерін аулаған ниет танытты:

– Жазмыштан озбақ жоқ, Таңғытжан...

– Әй, қайдам, – деді үмітсіздік билеген Таңғыт мұңайып. – Демежанның басына төнген қара бұлт күні ертең біздің де төбемізді құрсаулап, найзағайын ойнатпасына кім кепіл?..

Бұған бәрі де мойынсал болғандай, ешкім үндемеді. Онысы да рас-ау. Алдағы күнге сенім жоқ, ұрпағымыз не күйге душар болар екен?.. Жәменкенің көзі қарауытып, жүрегі сыздады...

– Сөз сүйектен өткенде, жалаға да жарайды.

– Е, кім біледі, солай да шығар, – деп қайғыра күрсінді Жәменке. – Сөзден де қалғанымыз ғой, шамасы...

– «Сөзден сөз туады, жүйесін таппаса – бәле боп қуады», – дейді екен бұрынғылар...

Таңғыт ойын жұмбақтай айтты. Аңғарында өшпес өкініш, бұрқанған ыза жатқандай, Сыртқа тепсе де, шығармай булықтырған. Сонысы жанына батқан сықылды.

Әсет өзінің көптен бергі сырлас-мұндасы, әр жайды байыппен ойлайтын бұл кісінің соншама күйзелегеніне іштей таң қалды. Дүниеден үміт үзгендей мұнысы несі? Әкесі Еңсе бір кезде Манжу басқыншыларына қарсы соғысқа қол бастап шығыпты. Көтеріліс жеңіліске ұшыраған соң, біраз жыл Еренқабырға тауларының құшағын паналап жүріпті. Кейін үзеңгі бауын қайта бекемдеп, іргесін бекітеді де, Саты мен Сайболат елінің басын қосып, Еміл бойына қоныстандырған, ағайынды жұмылдырған сыйлы адам атанған. Әсеттің есіне 1910 жылдың көктемінде Барлықтың күнгейіне бір келгені түсті. Ел ішін аралап жүрген. Сол тұста Еміл бойындағы Обалы жазығын көктеп отырған осы Таңғыт арнайы кісі жіберіп шақыртқан, сый-құрмет көрсеткен. Әзілдері жарасып, көңілдері табысқан. Бірде Әсет:

– Оу, Таңғыт, мыңғырған малың жатыр Обалының жазығында, – деген-ді сыр тартып. – Енді шұбар тайларымды шұқыратып алдыма салатын шығарсың?

Таңғыт та сөздің төркініне түсініп, әзілдің салмағын оның өзіне қарай аунатқан:

– Несі бар, қалауын тапсаң, айдап кете бер. Бірақ әлі жігің ашылмай жүрген адамсың ғой. Айтқаның-ақ болсын, мынаны айырып ұқтыршы: сен найманға жиенсің бе, күйеуің бе?..

– Мен жеңілдім, – деп Әсет сонда еркелей аунай кетіп еді. Былай тартсаң – өгіз өледі, былай тартсаң – арба сынадының кері менікі.

– Қайтесің, адастыратын ескі жолды, – деп Таңғыт мұңайтпай жебеген. – Сен күллі қазаққа ортақ Әсет емеспісің? Сый-құрметтен кенде қылмаспыз.

– Мына ақылыңа көндім.

Одан әрі Әсет те таласпаған, әзіл жүйесін тауып, жарасымды тынған. Тағы бір әзіл үстінде орайы келген соң Таңғыт өзінің ойындағы тілегін өтінішпен айтқан:

– Әкемнің жылы таяп келеді. Ол кісіні сонау Семей мен Өскеменнің, анау Алтай мен мына Іле өңірінің, өзіміз отырған осы Тарбағатай сағасының елі түгел біледі. Жайлауға шыққан соң жалпақ елге жар салып, ас беріп, перзенттік парызымды өтемек ниетім бар. Өзіңнен өтінерім – жоқтауын жазып бер...

Елдің салты. Оны орындау – баланың борышы. Адамға тән жақсы ниеттің нышаны шығар... Осылай болжаған Әсет жоқтаудың мазмұнына тыңдаушы тәлім алатындай сипат қосып жазған еді. Жеке Адамның қара басын мадақтаудан гөрі елдік үшін күйінген ердің ісін өнеге еткен.

Жалпақ Тарбағатай тауының күн шығысқа созылған түйе жон жотасындағы Ой жайлауға ел шығып болған. Сол кезде Еңсенің жылына сауын айтылып, ас дүбірлі салтанатпен өткен. Жақсылықтың артынан жамандық та ере жүрмей ме? Сонда: «Таңғыт әкесінің аруағын аялап отырған жоқ, күллі қазаққа өз айбынын танытып, абыройын асырмақ», – деген сыбысты Әсеттің де құлағы еміс-еміс шалған. Ой, жалған-ай, өсекшінің аузын бассаң, арты жыбырлайды. Мына сыбыс та мойны озғанды көре алмайтын кереғар кесірдің қырсығы-ау. Осы елдің ішінен Таңғыттың біреуге жасаған қиянаты мен зорлығын естіген емес. Ас берсе – ата дәстүрі, астамсудың жолына жатпайды. Ол ақ ниетке қайшы қылық. Қайта бұл ас шашылып жатқан жалпақ қазақтың кең жайлауда бас қосып, дидарласуына мұрындық болған жоқ па? Жақсылығыңды асыруға ынтымағың жетпейді-ау, шіркін!.. Ойын өкінішпен түйген Әсет кейін өлең айтқан сайын адамдық қасиетті, береке-бірлікті көбірек дәріптеп, өнеге ұсынуға ден қойған. Қалай да ізгілік ұрығын шашуға талаптанған.

Содан бері төрт-бес жыл өтіпті. Бірақ ештеңе өзгере қоймаған. Мына Таңғыт та елден озбапты. Баяғы өзіне тиесілі есесіне ие боп

жүрген көп үкірдайдың бірі. Ең жақсысы – еліне қиянаты жоқ. Қолда барына қанағат етіп, шүкіршілікпен күн көретін секілді... Әсеттің келген хабарын естіп, кеше әдейі іздеп барған. Тұрысбектің үйінде бірге түнеп шыққан. Түнімен елдің жай-жапсарын сұрап, көңілі көншіген. Міне, енді жүрегі сыздап тұр, қайғының қаяуы бар. Кеудесінде шемен боп қатқан бір қасірет еңсесін басқандай. Жұмәділ айтқан оқиғалардың астары бұған да мәлім сықылды. Алдағы өмірді құрдымдай қараңғы санайды. Бір күні болмаса бір күні Демежанның басына түскен қасіреттің өзін де шарпитынына күмәнданбайтын түрі бар. Мұңы да содан шығар...

Таңғыт жігіт аталған шағында әкесінің жолын ұстап қалғаны рас. Бірақ бұра тартпады. Ел ішінде өз бетін, өз бағытын танытты. Елге иелігі ағалықтан аспады. Арыз айтушыны тыңдап, ақыл қосты. Адамды жатырқамады. Көргенді көргенін істемей ме?..

Алғаш таныс боғаннан бастап Әсетке ықылас қойып, бауыр басып кетті. Балаша үйіріліп алған. Қалжыңдары жарасады. Бір әзіл үстінде Әсет:

– Осы сен Еңсенің өз кіндігіненсің бе? – деп қиыстық араластыра сұрады.

– Е, күмәнің бар ма?

– Күмәнім сол – атың қалмақша сықылды. Соған қарап асыранды ұл ма деп ойлай берем.

– Күмән да көңілді күпті етеді, бірақ дәлел емес, – деді Таңғыт ақ сары дөңгелек жүзі қызара бөртіп.

– Сонда да шыныңды айтшы?..

– Қазақтың әйелдеріндей жанама ат қойғыштар сирек кездеседі. Бала күнімде атымды атай алмаған жеңгелерім біздің ауылмен қатарласа көшіп-қонып жүрген қалмақтың таңғыт руының адамдарына түрімді ұқсатып, Таңғыт атап кетіпті. Оған мені еркелеткісі келген ағаларым қосылыпты.

Ақыры ел қызық көрді ме әлде айтуларына оңай болды ма, кім білсін, өзімнің азан шақырып қойған атым Нұрпейіс мүлде ұмытылды да, Таңғыт атанып қалдым.

– Е, бәсе, бір шикілігіңді сезіп ем, – деп күлді Әсет. Дес бергісі келмеген Таңғыт та орағыта соқты.

– Ол шикілік пе екен? Қалмақтың белді тұқымының аты. Ал арабтың, парсының атын арқалап жүрген қазақтар да аз емес қой. Сонда олардың да түбі шикі ме?

– Дәлелің дұрыс. Әзілім ғой. Көбіміз соны да айыра алмаймыз. Шынында, атыңның түп-төркінін білгім келген-ді...

Сол ақ жарқын Таңғыттың бұл күнде қабағы қату, жүзі жүдеу. Түптің түбіне үңілетін тәрізді. Әзіл-қалжыңы аз, ойлануы басым. Өз қамы ма, ел қамы ма, аша қойған жоқ.

Қарақүңгір аңғарын құлдап келіп, Қызбейітіне бұрылатын сүрлеумен қиялай өрлеген топ жіңішке бір бұлақты жағалай жүріп, Түлкілінің жотасына шықты. Қарсы алдыларында Боздақтың қара барқын кең жазығы көлбеп жатыр. Көз ұшында о баста Жалғыз ағаш атанғанымен, кейін келе өрбіп, үйірлі қара ағашқа айналған Демежанның қыстауы бұлдырайды. Бір түрлі жүдеу, сұрқай. Соған үнеміз қарасып, мұнайып тұрып қалысты.

– Қане, Әсет, – деді Таңғыт қиялды серпілтіп. – Демежан ауылына барғанда құран оқырсың, ол әдеттегі салт. Ал сенің жөнің басқа, сөзің қалсын. Әне, Демежанның елге үлгі етіп егіп өсірген ағашы көктеп тұр. Ол да көрген сайын көкейге ой салатын бір белгі. Соған арнаған сөзіңді айтшы!..

Әсет алыстағы шоқ ағашқа қадала қарады да, ойға шомды. Көз алдына қапсағай денелі, күлімдеген дөңгелек қоңыр көзі ақ құба өңін нұрландырып тұратын, аңқылдақ, әр сөзін байыппен, сабырмен сөйлейтін байсалды жігіт ағасы елестеді. Ол жерді игеріп, қазынасының қызығына батудың жайын көп айтушы еді. Тіпті кіндік қаны төгілгенімен, ешбір сипат-сынын көрмеген сонау Алтайға жапсарлас жатқан Кішкенетаудың да артықшылықтарын айырып отыратын. Ақыры, осы жердің құрбандығына шалыныпты-ау, сабаз...

– Ал, Әсетжан, айта ғой, – деген Жәмеңкенің биязы, жұмсақ үні Әсеттің ойын бөлді. Іштей толғанғандай танауы желбіреген. Тамағын кенеді де, қанжығасындағы қоржыннан қолтоқпақтай қысқа мойын домбырасын суырып алды. Құлағын бұрап, үнін баптаған соң, безілдеген қоңыр күйді бір қайырып тастады да, баяу әуенмен мұңды әнге басты:

Ассалау мұғаликүм, Жалғыз ағаш,
Сып-сидам болып қапсын, жап-жалаңаш.
Басыңда бақ-дәулетің тұрған кезде,
Саяна келуші еді тамам алаш.

Саяна байланатын биің қайда,
Боталап, боздап жатар түйең қайда?
Сапырған тегенемен сары қымыз,
Аулында күнде базар иең қайда?

Ордадай үйі қайда қоңыр салқын,
Асыл тас – арқалығы, тіреуі – алтын.
Боздаққа ақ боз үйін тіккен кезде,
Келген жан көруші еді салтанатын.

Ақ үйің тұрушы еді қатар-қатар,
Сыртынан көрген адам көңіл сағар.
Қарадан хан боп туған қайран Демең,
Саған сол қас қылғанды Құдай атар.

Жарасқан ақ үйлері қайран Боздақ,
Көшірді құдайдан соң сібе зорлап.
Ханым мен ханша болған қатын-балаң,
Көл қылып көз жастарын қалды-ау боздап.

Пақыр мен мүсәпірге қарасатын,
Өзгеден артық еді-ау парасатың.
Таусылмас дүниедегі қазына едік,
Пейліңе жомарттығың жарасатын.

Қу ағаш, разы емен бұл күйіңе,
Жарасып тұрушы едің боз үйіңе.
Көкпеңбек көк-жасыл боп көрінуші ек,
Шыққанда Түлкілінің биігіне...

Кеудесін өксік қысқандай даусы қалтырап барып тынды. Қасындағылардың көздері жасаурады. Үнсіз ой кешкен. Шеттеу тұрған Жұмәділ қытайдың үлпершектей жұп-жұқа қағазынан жасап алған дәптеріне қара қарындашпен сойдақтата жазып жатқан. Әсет өлеңін аяқтағанда ол да жазуын тоқтатқан. Бір іс тындырғандай төңірегіндегілерге қуана қарады.

– Ұмытылып қалмасын, мен де жазып үлгердім, – деді масайрап. Жиеніне сүйсіне қараған Жәмеңке мақсаты орындалғандай қайталап оқытты.

– Міне, Әсетім, бұл өлеңің Демежанға айтқан жоқтауың іспетті есімізде сақталады, – деді Таңғыт сәл көңілденіп. – Арысынан айырылып, аңырап қалған елдің жүрегіндегі жалынына тамшы боп себелейді.

Ақылдас серігінен айырылып қайғы шеккен, қоңылтақсыған кеудесі қаңсып жүрген Таңғыт жадырай бастаған.

Әсет үндемеді. Әлі егжей-тегжейлі жеткізіп айта алмадым-ау деп қынжыла қиналды. Өйткені өзінің Демежаннан естіп-білгені көкейіне үлкен сабақ болып қалған. Ол білімімен, ашық санасымен дараланатын. Күнделікті өмір ағысын ғана емес, осы өлкенің тарихын да ежелгі дүниеден бергісін жайып салып отыратын. Осыдан екі мың жылдан астам уақыт бұрынғыны білетін. Осынау таулар мен даланы сол тұста-ақ қазақтың түпкі ата-бабалары үйсін жұрты мекендеп, ірге жайыпты, қуатты мемлекет құрып тұрыпты. Содан бері іргесі аумаған. Сондықтан ол бұл өлкені ата мекені санайтын. Өз үйінің мүлкін талап жатқан тонаушының зорлығына төзе алмаған-ау, қайран ер... Ұлан-ғайыр даланың шығыс оңтүстік қапталына көлденеңдей сұлаған Еренқабырға аталатын таулар тізбегінің құшағынан батысқа қарай созылып барып, сонау Шу өзені мен Қаратау жоталарына дейінгі көл-көсір көгілдір жайылым үйсін бабамыздың байырғы өрісі екен. Бұл күнде сол ежелгі қоныс сонда туып-өскен ерінің басын кесуі үшін жауларының сылтауына айналғаны ма?.. Көзі жасаурап, қарсұра күрсінді.

– Қане, енді ілгері жүрелік... – деген Жәмеңкенің қоңыр үні Әсеттің шұбалған қиялын бөлді. Қария атын тебінгенде бәрі соңынан ілби ілесті. Айтар сөздері таусылғандай ешқайсысы жақ ашпады.

Жер бетінің гүл-гүл жайнап, жаныңды елжірете баурайтын сұлу көріністері де адамның шалқыған көңіл күйіне байланысты екен-ау!.. Көктемнің тусырап толысқан кезінде теңіздей тербеліп, көздің жауын алатын, тамсандыра құлпыратын осынау жалпақ даланың өңі сұрқай, суық сорғандай боп-боз. Шөбі құрысып, бұталары бүрісіп, жерге шөккен. Жалдана жайқалып, алыстан назарды аударатын көк-жасыл ағаштар да мөлііп, жерге шөге мүлгіген. Үсік ұрғандай әлі жандана алмаған. Иесінен айырылған үй-жай да, қора-қопсы да қаңыраған, қыбырлаған жан көрінбейді маңынан... Қараң-құраң болмаса, жердің де сәні қашатын секілді. Есіз қалған есіл дүние-ай, деген күйінішті сезім билегенде, Әсеттің тұла бойы мұздай суып, шіміркененіп тітіркенді. Қызығы өтіп, қызуы сөнген дүниенің де көркі суық тартады екен...

ПӘЛЕ-ЖАЛА

Ала жаздай мейманы болып, үлкен сый-сияпатын көрген ауылдан күн арқан бойы көтерілгенде аттанған Әсет суыт жүріп кеткен. Биік жоталардың баурайына шеккен дымқыл тұманы сірескен Барлық тауының көкпен астасқан ұшарына, көгілдір қырқасына, мұнарлы жондарына, шөбі сарғыш тартқан ойпаттарына, тілім-тілім қырқалары мен мүлгіген сай-саласына, кереге қиялардың төбесіндегі жалпақ жазыққа тігілген ақ шаңқан үйлерге енді бұрылып қарамады. Көкейінің терең түкпірінен жақсы адамдарды қимаған көңілшектік мұны қозданып, іштей қобалжыған. Көңілді елегіздіретін елжірек қимастық желеуімен өз жүйкесін өзі босатқысы келмеді. Айналасына бұрылып қарамағаны да сол. Тек екі-үш белден асқаннан кейін ғана астындағы сидам торы төбелді тебініп, арынын үдетті. Семіз ат денесі қызған сайын екпіндеді. Талыстай омырауын желге тосып, адымын кере аяғын ширақ сілтейді. Жүрісін жеделдетті. Қарсы соққан желге желпінгендей басын шұлғи изеп, жайнаң қағады. Қамыс құлағын қадалта тікірейткен. Елеңдей тың тындайды. Алақандай дөңгелек көзі шоқша жайнап, оны мен солын жіті шолады.

Қарсы алдындағы Көкжонның аласа белінен шаңқай түс әлетінде асқан Әсет сары қырқаның етегімен жалғасып жатқан Күптің даласы аталатын кең жазықтың шетіне ілікті. Қат-қабат жатаған адырларды шарлаған қасқа жол бұдан әрі қаңыраған елсіз даланы шиырлап, бір қиырға созылады. Қара жол үстінде жападан жалғыз жортқан қазақтың әлденендей қиял шегуі некен-саяқ құбылыс. Одан гөрі айналасындағы бел-белестердің түр-түсіне, шөбінің қою-сұйықтығына, көз ұшында бұлдыраған қараң-құранға көбірек ден қояды. Өзі құшағында өскен табиғаттың қилы-қилы құбылысын ынтыға қызықтайды. Содан рақат тауып, соны мерей санайды. Тек жан дүниесін күйзелткен, ауыр сергелдеңге салған төтенше дау-жалаға ұшырап, жазықсыз жәбірленген кезде ғана күйінішпен қиялға шомады, іштей күңіренеді. Сонда адамға тән парасаттың қасиетін саралап, тұңғиықша тұнады. Ішін өртеген жалынның қалай тұтанғанының себебіне ой жүгіртеді де, соның жұмбағын шешу үшін шытырман толғаныспен ширығады. Басынан кешкен оқиғаларды көз алдынан тізбектеп өткізіп, бір-бірлеп санамен сүзеді. Әр ісін ақылмен өлшейді. Өзі араласқан әрекеттердің қылт еткен қылаңын таса қалдырмай, аударып төңкереді. Ақ-қарасын айыруға талпынады, өзінің шын адамдығына көзі жетсе, жүрегіне

шаншудай қадалған опығы сейіліп, күмәнді кінәраттан азап шеккен жаны жадырайды. Одан әрі тулаған толғанысы көңіл күйін тербететін жол серігіне айналады. Жазықсыздығына иланса, жел шайқаған құрақтай ырғалады. Масайрап, ыңылдай әндетеді. Манадан бергі Әсетті ширықтырған көңіл күйі де осы тақылеттес еді.

Қалың шиге ілінгенде табаны жалпақ қара жол едәуір жіңішкерді. Үстін шөп басқан. Жаз басындағы көші-қон кезінде малдың тұяғымен тапталған ши түбірлері қайта көктепті. Жаз бойы жүргінші сирек жүргендіктен бе, бүрлене жетілген. Атты кісінің тізесін соғатын ұзын ақ ши өскен Ақдала жазығын қақ жарып өтетін таспадай тартылған жолға түскенде Әсетті тағы да қым-қуыт өкінішті ой билеген-ді. Өзінен-өзі елегізіп, шиыршық атады. Жазықсыз жалаға ұрынуының себеп-салдарын іздейді. Көз келген қазақтың аузынан: «Ер жігіттің басынан не кешпейді...» деге сөзді жиі естисің. Сонда мұнымен нені меңзегені?.. Ұштықсыз шырғалаңнан шыға алмаған соң, қыспаққа түскен адамдардың өзін-өзі алдарқатқан түрі ме? Жоқ әлде, басына төнген қиянат пен қасіреттің тығырығына амалсыз мойын сұнып, ықтиярсыз көнгені ме?.. Ол да тайғанақ сүрлеуді жұбаныш қып жүр ме? Жоқ, жолы бөлек, басқаша мақсаттың жетегінде.

Соңғы кезде өзінің күн сайын немен шұғылданғанын ойша шолып, салмағын саралаған Әсет шексіз шиырды шарлағандай тұңғыққа шөккен-ді. Көңілін сұрғылт тұман торлағандай. Қара басының қамын күйіттей бастаған сыңайы бар. Кеудесіне тастай түйілген реніштің суық табы денесін түршіктіріп, бүйірінен түртпектейді. Анықтап ештеңені қармана алмаса да, өзіне жабылған жалаға зығыры қайнайды. Ойы астан-кестең. Ызалана шамырқанады. Бойын долданған ашу қысқан. Жазығы жоқ қой, ендеше сонша қорлағаны несі? Әлде шеттен келгенін желеу қып, есерлердің қаңғыбасқа санағаны жанына батты ма? Күйінішін өзі де түсіне алмай әлек. Бір-ақ құбылысқа қатты ызалы. Ол – қазақ ішіндегі жымысқылардың өсекшілдігі. Олар біреуді жасыту үшін жанын салады. Мұны біле тұрып несіне күйінеді?.. Әлде шалғай кетіп, бірнеше айлардан бері көрмегендіктен үйін, ошағының басын сағынғаны ма, соған ауған аңсарының ауаны ма?.. Мұндайда адам не ойламайды...

Іштей бұрқанған Әсет осы сарынмен өзін-өзі демейді: Қайтейін, жаратылысым солай, түздік болып туыппын, түздік болып өтетін шығармын. Ел араламай тұра алам ба? От басында омалып отыруға дәтім жете ме? Халқым қалайды. Даурықпа қошаметпен емес, шын

пейілімен ұйып тыңдайды әнімді, өлеңіме елтеді. Көңіліне жаққаны ғой. Сол әннің әуенінен тіршілігінің тынысын табады. Соған орай елдің қамы үшін емес пе бұл ісім? Сондағы айыбым қайсы? Ел ықыласы мені де жебейді. Халықтың қалауын орындамасам, өлеңімнің, әнімнің мәні не, сәні не? Даңғазаман далақтап жүргем жоқ. Мұны сезбесем, түйсіксіз топастан айырмам қайсы?.. Онда ақындығымда, адамдығымда парық та қалмас еді. Айдаладағы қу қазықтай сорайған сиқым кімге керек?.. Малдың соңына еріп, ойсыз-күйсіз күйбендеп көше беруге төзем бе?

Ондай ақынның тірі өліктен несі артық? Мал бағуға да амал керек.

Ақыл-ойым ән мен өлеңге ғана жұмылған... Рас-ау, кейде үйден бір шықсам, артыма қарайлай алмай, жүрісімді ерепайсыз ұзартып алатыным да бар. Қайта оралуымның өзі талайға созылады. Екі-үш айдың, тіпті жылдың жүзіне ұласады... Бұл да көңілшектіктің салдары шығар. Өйткені қай ауылына барсам да, қазақ баласы ере түрегеп, құрақ ұшады. Аңқылдап, ағынан жарылады. Сол ыстық ықыластары ырқыма қоя ма?.. Орталарына шегемін де кетемін...

Буалдыр болжаммен ғана Әсет өзін-өзі ақтайды. Қазіргі сәтте кеудесінде тулап, қазандай қайнаған мазасыздығы неден, қалай пайда болды? Күйінішінің түбіне көбірек үңіледі. Адамның күні адаммен. Алайда, біреудің көзі жақсы, біреудің сөзі жақсы деп, көрінгенге жағынып, жалпақтаған, өлеусірей өмінген жері жоқ. Бұл елді қастерлесе, елі мұны төбесіне көтереді. Соған дағдыланған. Ел сый-құрметінің арқасы шығар, артында қалған үй-баранына қамқоршылары да көп. Жолдас-жораларының ақ пейілі, ықылас-ниеті аруағын аспанға ұшырған. Сол дос-жаранын, ағайын-аймағын, құрбы-құрдастарын сағынған сарын ба жан-жүйесін шарлаған, ой-санасын тебіренткен? Өзі кешкен өмірден бірсыпыра көргені де, білгені де бар. Тіршілік сипатын түсініп, көкейіне түйгені де желілі. Ой үстінде соның бәрін елеп-екшеп, жіліктеп жату шарт па? Жүрегінде жүретіні – елі. Тау-тасқа бытырай жайылған қой құсап, сай-сайға шашырай қонған қазақты жіктеп, бөліп-жара қараған пенде емес. Бұл тұрғыда өз байламы бар. Тұтас елді боршалайтындар да, жырымдап-жыратындар да, әлде біреуге арқа сүйеу арқылы қара басын өрге сүйеп, билікке жету үшін жанталасатындар. Ондайлардың ойында қаншама пәле-жала жатады десеңізші!.. Бір биеден ала да, құла да туады. Сөйтсе де, ешқайсысы үйірден бөлініп, оқшау кетпейді, бірге жайылады. Адам баласының да түр-тұрпаты, порым-пошымы ұқсас болғанымен,

эрқайсысын даралап қарасаң өзіне тән мінез-құлқынан, іс-әрекетінен кереғарлықтар байқайсың. Сонда да қоғам-тобынан, өзі өмір сүрген ортасынан алыстап, лағып кетпейді. Жалғыз адам жалпақ далада өмір де сүре алмайды. Әйтсе де адамдардың кереғар әрекеттерінің қырсығы да елді бүлдіреді...

Ойлап қараса, Әсет жарық дүниені жалпағынан басып жүріп, еш бір мұңды елемей, жайрандай беріпті. Соның салдарынан жүрегін жаралаған қиянат соққысына душар болғанын сезбей де қалыпты. Аяғын қанша аңдап басса да арандапты. Алдынан қазып, бетін жауып қойған орға ұрыныпты... Жабырқаса да жарылқауды тілеп, жауығушыларға жалбарынбады. Олай еткені бейшаралық болмас па еді?.. Басын шалған бұлттың айығуын тосып, бас бағып жата беруге де ары бармады... Е-е, өткен істің зардабын айтқанда алғы күннің түбін ойлап: ер жігіт, не көрсең де шыдап бақ, басыңды имей қасқайып тұр, ауыртпалықты арқалап ал да, жүре бер. Пәле жабысқан жерден ұзаған соң аударып тастауың оңай дегені ме, осынау иен даланың төсінде талай тайталасты, аумалы-төкпелі тауқыметті басынан көп кешірген қазақ пақырдың?..

Кешегі қанжайлау үстінде көлдей көлбеген Қоңыраба сазының төрін жайлап отырған Қоңыр төренің қонағы болды. Оның атақ-даңқына жығылып, жылу сұрай барған жоқ. Елдің тізгінін ұстағанына елірмейтін, қайта сол елдің іргесін қымтағысы келетін білікті, саналы, білімді кісі деп естіген соң, көңілін жықпай барған. Онымен сыйласа келе бір елдің қатардағы басшысы ғана емес, айналаны тұмшалаған қараңғылық мұнарын сейілтіп, надандық тұманын айықтыру арқылы халықтың көкейін ағартудың жолына айырықша күш-қайрат жұмсап жүрген, ел мен жердің тарихына қанық, әлсіздің мұң-зарына құлақ асатын, халық өнерін, өнерпаз адамдарды қадірлеп, шынайы адамдықпен аялайтын жарық сананың иесі екеніне көзі жетті.

Майлы-Жайыр жоталарының ұланғайыр алабындағы қалың елдің ішінде думандатып жүрген Әсеттің ақындық, әншілік даңқын естіген Қоңыр қос ат жіберіп арнайы шақыртқан. Мұндай ілтипат қазақ баласының бәріне ортақ емес, ішін ара біреуінің ғана сирек көретін сыйы. Халықтың құлай қастерлейтін ардақты адамына ғана арналатын құрметінің белгісі, игі дәстүрі. Мұны білетін Әсет те бәлсінбеді. Шақыртушының тілегін қабыл алған. Осынау қалың қатпарлы таулардың төбесіндегі шалғыны ширатылған жалпақ жайлауға осылайша төтенше қалаумен келген. Мұнда бір адамның ғана емес, күллі елдің қошаметіне бөленді. Мейіріне қанды, мерейі

өсті. Қоңырдың әдейілеп шақыртуында да мән бар екен. Өнердің артықшылығын еліне тереңрек танытып, жастарын жебеу үшін істеген бір шарасы сықылды. Елдің арғы-бергі жай-күйін барлап, болашақ тағдырына сарыла ой жүгіртетін Қоңырдың арманы сырласа келе Әсетке де ықпал етті. Күн сайын әр қилы оқиғалар желісін әңгімелесе жүріп, мұңдас досына айналды. Ой-пікірлері бір арнаға тоғысты. Адамның талай саңлағын көрген, небір тіл безеген ділмарлардың сөзін естіген Қоңыр мына ақынның алғырлығына, тәтті тіліне, аңғарлы ойына тәнті болды. Алғашында асқан әншілігіне ғана сүйсінгенімен, қоғамдық ой өрістің ағысынан ірі білгірлікті күтпеген еді. Қазақ арасындағы жымысқылықты қас жауындай даттайды. Ел меселін қайырмайтын дархан көңілін, мейірімділігін Қоңыр да ұққан. Сыйластық-жарастықтан туған сыпайы мінездерімен біріне-бірі жанасып алған-ды. Әсеттің бір-екі жас үлкендігінің өзін таудай санаған Қоңыр оны ағасындай қадірлеп, шынайы адамдық санамен құрметтеді. Өз ауылының талапты, ынталы жастарын қасына қосты. Өнерін үйреніп қалуды тапсырды. Сай-сайдағы ауылдар күнде той етіп жатқандай қалыпқа ауысқан. Әр кеш сайын бір белдің, астынан ән шырқалып, күй сарыны күмбірлейді де жатады. Ән думаны апта сайын Қоңыр ауылына қайта оралады да, тымық түнді сыңғырлаған әуенмен тербейді, күлкінің базары қызады.

– Әсаға, – деді көңілі шалқыған Қоңыр бір күні өз үйіндегі салтанатты мәжіліс үстінде. – Сізге бір тілегім бар еді?..

– Е, айта ғой, қолдан келсе, орындайын.

– Еліміз қараңғы, білім шырағы жанбай тұр. Жетекшіл тайлақ секілді, кім-көрінгеннің бұйдасына байланып жүре береді. Кім не айтса, бәрін шын көреді.

– Арамдығы, айласы жоқ, аңқылдаған ақ көңіл, сөзге сенгіш халықпыз ғой, Қоңыржан, – деді Әсет күліп. Оның ойын шашыратпай жебеді. Мұны Қоңыр да қостады.

– Содан да шығар... елді аралап, қаңғып жүрген ала аяқтар Алланың атын айтып, азан шақырса, жанымен сенеді.

– Өздері білмеген соң қайтсін?..

– Соны көп ойлаймын, бірақ қол ұшын беретіндер аз.

– Дүние бір-ақ күнде жаралмаған, табанды бол.

– Қашанғы салпақтап жүре береміз.

– Табандылық тапжылмай жатып алу емес – ойынды тиянақты іске асыру.

– Талап бар-ау, кедергі көп.

– Содан баса-көктей өтуге әрекет ет!

– Өзіңіз себіңізді тигізіңіз.

– Қалай, қайтіп?..

– О баста біреу осы өңірге Орал тауларының етегінен кәсіп іздеп келіпті, – деді Қоңыр алыстан орағыта жіпселеп. Өсет те бір сырды сезді де, сөзін бөлмеді, Қоңыр асықпай, қаптап айтатын әдетінше сыздықтата айтты. – Оның аздап оқығаны бар екен. Кең қолтық елдің алаң-ашық құшағына енген соң, аңқаулығын байқап, қулыққа басқан. Молда халықты ақ ниетке, адамгершілікке баулымай ма? Ал біздің шала молдамыз жылы-жұмсаққа тұмсығы тиген соң, ық іздейді. «Таннымаған періштеден бой үйренген сайтан артық». Көз үйренген ел оның білімімен санасып жатпайды. Не айтса да, бас шұлғиды. Бүгінгі күні молданың ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс. Айналасында шек жоқ. Ел ішіне ши жүгірте жүріп, анау-мынаууды шеніне маңайлатпайтын май табандарға арқа сүйеп алды. Шама-шарқын шамалайтын кісі шықпаған соң, молдамыз далаға құлаш жайды. Бірде-бір ғұламаның алдынан өтпей-ақ, хазірет атанды. Түгін қалыңдата түсті. Елдің құлағына сіңіп, ауыздары үйренгенше, хазіреттік атағын жақ жаппай уағыздады.

– Аңқау елге істейтін арамза молданың қылығы солай боламай ма?

– Өздеріне қолайлы болған соң ба, бірте-бірте пайдакүнемдер жамырып қолпаштайтынды шығарды. Молданың қолымен от көсейтіндер де желкесі күжірейіп, жүнін тікірейтті. Молданы қолшоқпар қып, шарифаттың көлеңкесін саялау арқылы білгендерін істеп жүр. Тізгін қақтырмайды. Қаттырақ мытып жіберсең, елді бүлдіріп, дау қоздырады. Амалсыздан көніп, ел тыныштығын ойлаймыз.

– Қысымға түскен түрің бар ғой?

– Өз басым емес. Атақ құмарлар шала молданың уәжін саудалайды. Сол ораймен молдамыз діннің ізгі жосығын лайлап, бисмилланы мал жинаудың құралына айналдырды. Қырық жылдан бері қыр қазағының сүйегін кеміріп, етін қырнай мұжып келеді. Жалы қалыңдап, қоңы майланды.

– Байқауымша, мұнысы шарифат шартына сыймайтын қылық қой...

– Ол ғана емес, енді өлім-жітімді де, той-томалақты да саудаға салатын қағида шығарып алды. Медреседе оқыған адамсыз, жөні болмаушы ма еді?

– Ондай істерге белгіленген анық нарықты естіген емеспін.

– Жаназа шығарса да, неке қиса да молдаға ақы төленуге тиіс. Халықтың ақ-қараны айырып, етек-жеңін жинауына себін тигізген ісін білмеймін. Алғашында бала оқытыпты, алдынан хат таныған бір адам шықпапты. Бала кезімде менің де бір жылдай салпақтағаным бар. Әріптің қарасын айыра алмай кеттім. Соған көзі жеткен әкем Үрімжіге ап барды да, заманға лайық білім үйрететін мектепке орналастырды. Амал қанша, көп оқи алмадым. әкем дүние салған соң, елге оралдым.

– Е-е, Қоңыржан-ай, біздің өренсіз халқымыз ондай-ондайды елей қоя ма? – Әсет өзінің де түгесілмес өкінішін ақтарып. – Байқауымша, азулыларға арқа сүйеп алған шала молданы тежеуге де күш керек. Құдайшылықты надан халықтың аяқ-қолын, ой-санасын матап тастайтын құлдық шынжырына айналдырған. Жемтікке ұмтылмайтын құмай жоқ...

– Оған көзіміз жетті.

– Діннің бұлжытпай орындалуға тиіс парыздарының ішінде баланы оқытып, білім үйрету де бар.

– Сол парыздарды насихаттап жүрген молда да жоқ, бетімен кеткен, ойлайтыны құлқын ғана. Иттің де иесі бар емес пе? Елді қорғағым келеді.

– Кейбір молдалар әнді сайтанның азаны санайды. Ойын-күлкіні тежеу үшін арпалысады. Сол да біліктілік пе? Олай болса, арабтардың ән салып, өлең айтпауы керек қой. Біздің дініміз солардан тарамды ма? Жо-оқ, небір дана ақындар арабтан шыққан. «Шала молда дін бұзады» деп тегін айтылмаған. Дін жайын мен де аздап білемін. Оның парыздары адамды тек жақсылыққа ғана үндейді. Жалған уағызға мен көнем бе?

Себебі әншілерді жұрт молдадан артық көреді. Сол үшін олар үрейшілдерді шошытып, өздерін қорғауға амал іздейді... бәрібір ән өзінің асыл қасиетімен асып түсіп жатады.

– Олай болса, Әсаға, – деді Қоңыр ойын айтар ыңғайын тапқандай қуанып. – Өзіңізден өтінеріміз мынау: ақынның сөзі дауылдай күшті, төз тарайды да, елді дүр сілкіндіреді. Жаңағы айтылған шала молданың қылығын, тек мал жинау үшін ғана жүрген дүние қоңыздығын, аңқауларды алдап соғатын айласын, құм санайтын қулығын айтып, бір мысқыл құрастырып беріңізші.

– Мен айтқанды ұнатамын, мысқыл шыға қоймас.

– Мейлі, әйтеуір, сойылыңыз дәл тисін. Өлеңге, әнге әуес талапкерлер жаттап алсын. Ауыл-ауылды аралағанда айта жүрсе, елдің сенімін өзгертер. Құлағына сіңер.

– Бұл кереғарлықты мен де сезіп ем.

– Сол ісіңіз титтей де болса көз сүзген мақсатымызды жебер ме еді. Тым құрыса «бақаның саруы көлге сеп» деген құрлы себі тиер. Қараңғы елдің көкейіне бұл шараның жылтылдаған шырақ жарығындай ғана елесі түссе де жақсылық емес пе?.. қытай халқының: «Тас қараңғыны шырақтың да жарығы бір серпеді» деген сөзі бар.

Ойын бажайлай айтқан Қоңырдың сөзін қостағандай жігіттер Өсетке өтінішті үмітпен қиыла қарасты.

– Ызасы қатты батып тұр, Әсаға!.. – деп кіжінді тоқпақтай шымыр, бойы аласалау, басына үкілі тымақ киген қызыл шырайлы жігіт бұлқынып. Оның қасындағы қияқ мұртты, дөңгелек жүзді, кербездеу ақ құба жігіттің тізесінен басып-басып қойды да, әзілдей күлді:

– Сабыр, Әсейін, сабыр!.. Алып-ұшып аптықпа. Ондай өлеңді сенің аузыңнан естісе, хазірет ауылының маңына аяқ басуың мұң болар.

– Өлсейіт-ау, білмей жүреің бе?.. – деп таңдана бұрқанды Әсейін. Қысықтау қара көзіне мұң ұялады. Енді маған бәрі бір!.. Айтсам да шауып ала алмайды. Тас ошағының талқаны шықсын!.. Мені елейтін хазірет те жоқ..

– Өз болжамың ба, Әсейін, әлде, ұйғарымы солай ма? – деп, Қоңыр қасіретті жігіттің күйініштен жабырқай қызарған жүдеу өңін шолып өтті. Мұның жүрегін тербеген асыл арманын естіген. Енді сол үміттің құрдымға құлап бара жатқанын сезіп, өзі де қиналды. Қайғы-қасірет құрсаулаған қайран жас дәурен-ай. Әсейінге аянышпен қарады. Қатты жабырқаған, қаны ойнап тұратын жүзі солған, ұйқы көрмегені шығар, қабағы қатқан. Әсейін мұная жауап берді.

– Мен ондай байламға бара алармын ба, Қоңыр аға... Шамам да, шарам да жоқ қой!..

– Ендеше батыл кіріспей, неден қорқасың? – деп, Қоңыр сыр тартты. Жігіт күрсініп, жіберді.

– Мұның ойлаған мақсатын тұман шалып, аяғы насырға шауып тұр, Қоңыр аға. Хазіреттің қызына Шүленбей құда түсіпті, – деп, ашаң ақ сары жігіт жолдасы үші жауап қайырды. Мұң шаққандай жабырқады. Даусында бір тілектің сарыны бар.

Соны сезген Қоңыр жастарды жадыратып, Әсейінді жебегісі келді де, молданы мысқылдаған кейіппен күлді.

– Е-е, май табан семіздің жалына жармасқан екен ғой. Шылқа майға бөккісі келген қорқаудың аяласын қара...

Өзінің де қолданар шарасы жоқтығын айта алмады, Әсейіннің айналасындағы жолдастары да жүдеу. Үнжырғалары түсіп, жүндері жығылған. Жаутаңдаған жанарларын үмітсіздік мұнары торлаған. Жастарыды осы күйініштен сергіткісі келген Әсет серпіле төз қимылдады да, домбырасын сыдырта қағып-қағып жіберді. Бойын тосын шабыт керне-гендей алабұртып алған.

– Қане, жігіттер, тыңдаңдар!.. Мен де өмір бойы зорлық-зомбылықпен арбасып жүрмін. Молдалықтың адамдық тәрбиеге тигізетін пайдасы да зор. Арамдықтан аулақтатып, ар-намысты таза сақтауға баулиды. Сол үшін ел ұйиды. Шала молдалардың ісі бұған кереғар. Сондықтан олардың өз шоқпарларымен өздерін соғу үшін шарифат тарауларының игі жолын шиырлайтыным да бар. Оныммен дін жосығын қуалап, уәж-парыздарын ұдайы уағыздаған емеспін, жақсылықты ғана жақтаймын. Мына хазіреттеріңнің құлқын құмарлығын шет-жағалап естігем. Ел арасында да наразылар көп-ау, шамасы... Осынау кең пейіл жұрттың дәмін татып, сыйын көріп жүрген соң, ұйып отырғаны ғой, тиіспей-ақ қояйын деп, іштен тынатынмын. Ақыры, өздерің қалап қалдыңдар ғой, несіне іркілейін. Ерік берсендер, ерінетін мен емес...

– Іркілменіз, Әсаға!.. Дуалы аузыңыздан шыққан сөзіңіз дертімізге шипа болғай!.. – деп, қозғалақтаған Қоңыр шынайы ықыласымен қайрай қостады. Көптен көкейін тұмандатып жүрген ойының жарыққа шығатынына сүйсінгені еді бұл. Қараңғы елді Құдай атымен арбап, шарифат шартына жанаспайтын сөзімен алдампаздықтың аяластына ысылып алған хазіретті қалай да ауыздықтағысы келетін. Бірақ қуыршақша қолтықтарына қысып алып, басынан сипалай қолпаштау арқылы оның дұғасымен өз атақтарын асыруды, тіпті пейіштің төрінен емін-еркін орын алуды көксейтін майтабан көрсоқырлар мен көкжал бөрідей азулы айбаттылар тістерін ырсыта ырылдап, ырық бермейтін. Ал ақын айтса – елге жағады, ақ санайды. Сеніп қостайды. Сөзін жерге тастамайды.

Шарифат қағидаларының сан қилы бұралаң соқпақтарының тарау-тарау ережелерін тәп-тәуір білетін, мағынасы мен мазмұнын шешіп, түбін түсіндіре алатын Әсет діннің атын жамылып, өңешін толтыруға құныққан құдың қылығын жүйелі дәлелдермен ап-айқын айтып шықты. Өзгеше әдіс қолданып, молданың өзі боп Құдайға шағынды: